

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тоғызқұмалақ ойынының алғышарттары

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.02.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/28881/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жусупов Ғабит

Сабақ тақырыбы: Тоғызқұмалақ ойынының алғышарттары

Мақсаты:

* Тоғызқұмалақ ойынын үйрету, білімін тереңдету. Қосымша тапсырмалар беру.

Күтілетін

нәтиже:

* Ойнау дағды біліктілігін жетілдіреді, өткен ұғымдарды жаңғыртады.

* Ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді құрметтей білуге үйретеді

* Тоғызқұмалақ ойынының

негізгі ережелерін біледі.

Сабақ түрі: Дәстүрлі

емес.

Әдіс-тәсілдері: Теориялық білімді іс жүзінде көрсете отырып жүргізіледі.

Көрнекіліктер: Тоғызқұмалақ ойын тақталары.

Сабақ барысы: Жер ғаламшарындағы ең үздік логикалық 103-ойынның көшін бастаған, әлемдік мәдениеттің кез-келген үлгілерімен бой теңестіре алатын 4 мың жылдық тарихы бар зияткерлік ойын, ұлтымыздың озық рухани мұрасы, Қазақ халқының ілкі тектерінен бастап, сақтар, ғұндар, көктүріктердің қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан ұрпақтар үндестігінің рухани көрінісі болған Тоғызқұмалақ ойыны еліміздің ең басты – интеллектуалдық қазынасы. Көшпелілер алгебрасы атанған осы ойынға деген әлем халықтарының қызығушылығы күннен-күнге артып келе жатқаны айқын байқалады. Осыған дейін екі әлем чемпионаты, үш рет азия чемпионатының өтуі осының айқын дәлелі іспетті.

Ойын маңызы: Көшпелілер алгебрасы атанған бұл ойын оқушының ой өрісін кеңейтеді. Логикалық ойлау тереңдігін жетілдіреді. Тез уақытта ойын комбинациясына сәйкес

стратегиялық шешімдер қабылдай білуге баулиды.

Математикалық амалдарды терең түрде игертеді.

Негізгі ұғымдар:

Құмалақ, қазан, отау, жұп, тақ.

Тоғызқұмалақ ойынының негізгі ережелері:

Тоғызқұмалақ ойынында барлығы 162 тас болады. Және сол тастар он сегіз отауға тиісінше орналасып отырады. Тағы бір ерекше ұғым ол қазан. Әр ойыншыда бір қазаннан болады. Сонда барлығы екі қазан. Сол қазанға сексен екі тасты жинай білген ойыншы тиісінше жеңіске жетіп отырады. Ойынның бас кезінде әр отауда тоғыз тастан болады. Сол тастарды өсу ретіне қарай жүріп отырады. Егерде соңғы түскен тас жұп болса ол отауды алып отырады. Сонда ойында әр жүрісті мұқият есептеп отыру шарт. Егерде тастар саны $81=81$ болып тең болса онда ойын тең аяқталған болып саналады.

Отау атаулары. (Ақшораев үлгісі бойынша)

1-отауды «Құйрық» не болмаса «Арт» дейді. Себебі, ондай құмалақтар көпке дейін өзгермей, түгел қалып отырады.

2-отауды «Тек тұрмас» дейді, себебі жүріс көбінесе осыдан басталады.

3-отауды «Ат өтпес» деген. Оның себебі қарсы жақтың аты бұған түспей кете алмайды.

4-отау-«Жаман үй», өйткені қарсы жақтың адамы бұл жерден үнемі жеп отырады.

5-отауды «Бел» дейді. Бұл екі орталық аса қауіпті емес.

6-отауды «Сары дала» деп атаған, себебі бұл жүріске де, тұздық алуға да ыңғайлы.

7-отау-«Қосан жылаған». Бұрынғы заманда Қосан деген ойыншыны тағы бір ойыншы дәл осы 7-отауда әлденеше реет тұздық отырғызыпты, соған ыза болып жылапты-мыс.

8-отауды «Көкмойын» дейді. Мұнда да көптен көп тұздық алынатын көрінеді және бұл жерге көп құмалақ жиналып қала береді.

9-отауды «Аққасқа» дейді. Себебі бұл шұңқырда құмалақ көп жиналады. Ойыншы бұл отадан өз құмалағын шығарса-ақ қарсы жақтың отауына түседі, бірден ноғанаттап түсу ойыншыға пайдалы болмайды. Өзін жауып кетіп барып жүрсе, әрине, тиімді болады.

отаулар №9 №8 №7 №6 №5 №4 №3 №2 №1

9 9 9 9 9 9 9 9 Қостаушы қазаны (0)

9 9 9 9 9 9 9 9 Бастаушы қазаны (0)

отаулар №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9

Білімді бекіту:

*Тоғызқұмалақ ойынын қалай атаған?

*Тоғызқұмалақ ойынының негізгі ережелері қандай?

*Отау дегеніміз не?

*Қазан дегеніміз не?

*Бастаушы, қостаушы дегеніміз не?

*Ойындағы отау атаулары қандай?

Үйге тапсырма: Оқушыларды үйірмеге қатыстыру.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.